

Шығыс Қазақстан облысы Самсоновка аулындағы "Ветерок" бау-бақша серіктестігінің №№ 44, 45, 46, 47, 86 жер участеклерінің тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 203 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2018 жылғы 23 шілдеде № 5658 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң                    е ск е р т п е с і .**

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстай мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1. Мыналар:**

1) осы қаулыға қосымшага сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Самсоновка аулындағы "Ветерок" бау-бақша серіктестігінің №№ 44, 45, 46, 47, 86 жер участеклерінің тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Самсоновка аулындағы "Ветерок" бау-бақша серіктестігінің №№ 44, 45, 46, 47, 86 жер участеклерінің тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (М.Н. Нұрғалиев) бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Өскемен қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілдегі мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыс әкімінің аппараты, облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
  - 4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Су ресурстары комитетінің  
Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
және корғау жөніндегі Ертіс бассейндік  
инспекциясының басшысы*

---

*K. Баймағамбетов*

**2018 жылғы "2" шілде**

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің  
Шығыс Қазақстан облысы  
Қоғамдық денсаулық сақтау  
департаментінің басшысы*

---

*F. Сүлейменов*

**2018 жылғы "29" маусым**

*Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2018 жылғы "29" маусымдағы  
№ 203 қаулысына  
қосымша*

**Шығыс Қазақстан облысы Самсоновка аулындағы "Ветерок" бау-бақша серіктестігінің №№ 44, 45, 46, 47, 86 жер участкерлінің тұстамасындағы Аблакетка өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
"Ветерок" бау-бақша серіктестігінің №№ 44, 45, 46, 47, 86 жер участкерлінің тұстамасындағы Аблакетка өзені	0,079	3,690	500	0,074	0,260	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК